



Mi 11 Lite

Пайдаланушы нұсқаулығы



USB Type-C порты

Мi 11 Lite құрылғысын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз


Құрылғыны қосу үшін қуат батырмасын басып ұстап тұрыңыз. Құрылғыны теңшеу үшін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін біздің ресми веб-сайтымызға кіріңіз: www.mi.com/ru/service/support/userguide

MIUI

Мi 11 Lite біздің Android негізіндегі теңшелетін операциялық жүйеміз – алдын ала орнатылған MIUI ОЖ-мен жабдықталған. Ол жиі жаңартуларды көздейді және ыңғайлы функцияларды қамтиды, оларды жасау кезінде бүкіл әлем бойынша 200 миллионнан астам белсенді пайдаланушының ұсыныстары ескерілген. Қосымша мәліметтерді ru.miui.com сайтынан қараңыз

SIM-карта науасы:



Екі SIM-картаға қолдау көрсету туралы:

- Екі 4G SIM-картасын қолдау жергілікті операторлардың ұялы байланыс стандарттарына байланысты болып келеді және барлық аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін.
- Екі Nano-SIM картасын пайдалануды қолдайды. SIM-карталарға арналған екі слотты пайдаланған кезде олардың кез келгенін негізгі карта ретінде таңдауға болады.
- VoLTE-ні тек кейбір аймақтардың ғана байланыс операторлары қолдайды.
- Желінің өнімділігін оңтайландыру үшін жүйе автоматты түрде жаңартылып отырады. Құрылғыда пайдаланылатын жүйенің нұсқасын нақтыласаңыз, көбірек білуге болады.
- Стандартты емес SIM-карталарды SIM-картаға арналған слотқа салмаңыз. Олар SIM-картаға арналған слотқа зиян келтіруі мүмкін.
- ЕСКЕРТУ. Құрылғыны бөлшектемеңіз.

Электр және электрондық жабдықтардың қалдықтары



Бұйымның қауіпсіз кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету үшін айрықша сақтық шараларын сақтау керек. Бұл таңбалау осы бұйымды ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді.

Қалдықтарды тиісінше шығармаудан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеу үшін және материалдық ресурстардың қауіпсіз қайта пайдаланылуына ықпал ету үшін құрылғыны жауапкершілікпен кәдеге жаратыңыз.

Пайдаланылған құрылғыны қауіпсіз қайта өңдеу үшін оны электрониканы қабылдау пункттеріне немесе ол бастапқыда сатып алынған бөлшек сауда дүкеніне тапсырыңыз.

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен мына сілтеме бойынша танысуға болады: www.mi.com/en/about/environment

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҰРЫС ТҮРІН ПАЙДАЛАНБАУ ЖАРЫЛЫСҚА ӘКЕЛУІ МҮМКІН.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАРҒА САЙ КӨДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетіңізді бұзып алмау үшін, дыбыс қаттылығын ұзақ уақыт жоғары деңгейде ұстамаған жөн.

Қауіпсіздік техникасы және сақтық шаралары бойынша қосымша ақпарат осы сілтеме бойынша қолжетімді: www.mi.com/en/certification

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды ақпарат

Құрылғыны пайдаланар алдында қауіпсіздік техникасы туралы барлық мәліметтермен танысыңыз.

- Бөгде кабельдерді, қуат адаптерлерін немесе аккумуляторларды пайдалану өртке, жарылысқа немесе басқа қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Сіздің құрылғыңызбен үйлесімді болатын, рұқсат етілген керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғының жұмыс температураларының диапазоны – 0 °C-тан 40 °C-қа дейін. Телефонды осы температуралар диапазонынан тыс пайдалану құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
- Егер құрылғы кіріктірілген аккумулятормен жабдықталған; аккумуляторға, немесе құрылғыға зиян келтірмеу үшін оны өзіңіз ауыстыруға тырыспаңыз.
- Құрылғыны қоса берілген немесе рұқсат етілген кабель мен қуат адаптері көмегімен ғана зарядтаңыз. Басқа адаптерлерді пайдалану өртке, электр тоғынан зақымдануға және құрылғы мен адаптердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Зарядтауды аяқтағаннан кейін адаптерді құрылғыдан ажыратып, оны розеткадан суырып қойыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан ұзақ зарядтамаңыз.

- Аккумуляторларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек өңдеу немесе кәдеге жарату керек. Аккумуляторды дұрыс пайдаланбау өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін. Құрылғыны, сондай-ақ оның аккумуляторын және керек-жарақтарын кәдеге жаратуды немесе қайта өңдеуді жергілікті заңдарға сәйкес орындау қажет.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға, езуге және жағуға тыйым салынады. Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын анықтасаңыз, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
 - Аккумулятормен бірге қысқа тұйықталу тізбегін жасауға тыйым салынады, өйткені бұл қызып кетуге, күйіп қалуға немесе басқа жарақаттар алуға себеп болуы мүмкін.
 - Аккумуляторды қоршаған орта температурасы жоғары жерлерде қалдыруға тыйым салынған.
 - Қызып кету жарылысқа әкелуі мүмкін.
 - Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға және езуге тыйым салынған, өйткені бұл аккумулятор электрוליітінің ағуына, қызып кетуіне немесе жарылуына себеп болуы мүмкін.
 - Аккумуляторды өртеуге тыйым салынады, өйткені бұл өртке немесе жарылысқа себеп болуы мүмкін.
 - Егер сіз аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын анықтасаңыз, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға аккумуляторды өздігінен жоюға немесе ауыстыруға тыйым салынады. Аккумуляторды жоюды немесе жөндеуді авторландырылған сервис орталығы ғана жүзеге асыруы тиіс.
- Құрылғыны суламаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының қандай да бір компоненті тиісінше жұмыс істемесе, Мi клиенттерге қолдау көрсету қызметіне немесе авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Басқа құрылғыларды пайдалану нұсқаулықтарына сай қосыңыз. Осы телефонға онымен үйлеспейтін құрылғыларды қоспаңыз.
- Айнымалы ток адаптерлерін пайдаланған кезде штепсель розеткасын жабдықтың жанына орналастырып, оған еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету керек.



Сақтық шаралары

- Қолданыстағы заңнаманың талаптарымен және ұялы телефондардың белгілі бір жағдайларда және орындарда пайдаланылуын шектейтін ережелермен танысыңыз.
- Телефонды жанармай құю станцияларында, әлеуетті жарылыс қаупі бар ортада, оның ішінде жанармай құю алаңдарында, кемелердегі жабық бөлмелерде, отынға немесе химикаттарға арналған қоймаларда немесе оларды тасымалдауға арналған көлік құралдарында, ауасы химикаттармен немесе құмның, шаңның немесе металл ұнтақтарының майда бөлшектерімен қаныққан болуы мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз. Сымсыз құрылғыларды (телефонды немесе басқа радиожабдықты) пайдалануға тыйым салатын барлық белгілердің нұсқауларын сақтаңыз. Ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны жарылыс жұмыстарын жүргізілетін жерлерде, сондай-ақ ықтимал кедергілерді болдырмау үшін рациялар мен электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салатын белгілер орнатылған жерлерде сөндіріп жүріңіз.

- Ұялы телефонды ауруханалардың операциялық блоктарында, шұғыл жәрдем орындарында және қарқынды терапия бөлімшелерінде пайдаланбаңыз. Ауруханалар мен медициналық орталықтарда барлық ережелер мен нормаларды сақтаңыз. Егер сіз дербес медициналық құрылғыны пайдалансаңыз, телефонның сіздің құрылғыңыздың жұмысына кедергі жасамайтынын анықтау үшін дәрігерден және бұйымды өндірушіден кеңес алыңыз. Жүрек ширатқыштың жұмысына ықтимал кедергі келтірмеу үшін ұялы телефон мен оның арасында 15 см минималды қашықтықты сақтап жүріңіз. Ол үшін телефонды жүрек ширатқыш орналасқан жаққа қарама қарсы құлақпен тындау керек, және оны кеуде қалтасында ұстап жүрмеу керек. Медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеарлық импланттар мен басқа да ұқсас құрылғылар жанында пайдаланбаңыз.
- Ұшақта қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және қажет болған кезде телефонды сөндіріп қойыңыз.
- Автокөлік жүргізген кезде телефонды тиісті заңдарға және жол қозғалысы ережелеріне сай пайдаланыңыз.
- Найзағай соқпауы үшін, телефонды найзағай кезінде көшеде пайдаланбаңыз.
- Телефон зарядталып жатқан кезде, оны қоңырау шалу үшін пайдаланбаңыз.
- Телефонды ылғалдылығы жоғары орындарда, мысалы, ванна бөлмелерінде пайдаланбаңыз. Бұл электр тогымен зақымдануға, жарақаттарға, өртке немесе зарядтау құрылғысының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін программалық қамтымды жаңартудың кіріктірілген функциясы көмегімен немесе авторландырылған сервис орталықтарында жаңартыңыз. Программалық қамтымды басқа тәсілмен жаңарту құрылғыға зиян келтіруі немесе деректердің жоғалуына, қауіпсіздік проблемаларына және басқа да қауіптерге әкелуі мүмкін.

ЕО нормалары

Радиожабдықтарға қатысты директиваның талаптарына сәйкестік туралы декларация



Осымен Xiaomi Communications Co., Ltd. компаниясы GSM /GPRS/EDGE/UMTS/LTE байланыс стандарттарын қолдайтын және Bluetooth пен Wi-Fi функциялары бар M2101K9AG цифрлық ұялы телефоны негізгі талаптарға және радиожабдыққа қатысты 2014/53/EU директивасының басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО үшін сәйкестік туралы декларацияның толық мәтіні мына интернет-адрес бойынша қолжетімді:
www.mi.com/en/certification

Радиожиилікті сәулелену туралы мәліметтер (SAR)

Бұл құрылғы халық үшін үлестік сіңіру коэффициентіне (SAR) / бақыланбайтын сәулелендіруге қатысты талаптарға сәйкес келеді (бас пен дене үшін SAR шекті мәні 10 г тінге 2,0 Вт/кг тең). Жоғары айтылған талаптар ЕО Кеңесінің 1999/519/ЕО нұсқауында, Иондамайтын сәулелендіруден қорғау жөніндегі халықаралық комиссияның нұсқауларында, сондай-ақ радиожобадыққа қатысты 2014/53/EU (RED) директивасында айқындалған.

SAR нормаларына сәйкестікті тестілеу барысында бұл құрылғы ең жоғары сертификатталған қуатта барлық тестілейтін жиілік диапазоңдарында сигнал берді. Ол адамның басына тым жақын және қашықтықта алып жүрген кезде радиожиилікті сәулеленуге ұқсас ортада болған

Негіз ретінде SAR мәндері алынған, олар құрылғы адам денесінен 5 мм қашықтықта жұмыс істеген кезде өлшенген болатын. Радиожиилікті сәулеленудің жол берілетін немесе одан да төмен деңгейін қамтамасыз ету үшін бұл құрылғыны адам денесінен кемінде 5 мм қашықтықта пайдаланған жөн. Құрылғыны адам денесіне тым жақын бекіту үшін белдікке қыстырылатын қысқыштарды немесе металл элементтері жоқ несесерді пайдаланыңыз, олар құрылғы мен адам денесі арасында 5 мм минималды арақашықтықты қамтамасыз етеді. Құрамында металл элементтер бар ішкі аксессуарларды таққан кезде радиожиилікті сәулелену нормаларына сәйкестігі тексерілмеген және сертификатталмаған, сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн.

Сертификаттау туралы мәліметтер (SAR шекті мәндері)

10 г-ға SAR шекті мәні: 2,0 Вт/кг.

SAR мәні адам басы үшін - 0,599 Вт/кг, адам денесі үшін 0,948 Вт/кг құрайды (5 мм қашықтықта).

Заңгерлік ақпарат

Бұл құрылғы барлық ЕО мемлекеттерінде пайдаланыла алады.

Құрылғыны пайдаланған кезде жалпымемлекеттік және жергілікті ережелерді сақтаңыз.

Қабылдағыш құрылғының санаты 2

Пайдаланылатын қуат адаптері IEC/EN 62368-1 регламентінің 6.4.5 тармағының талаптарына сай болуы тиіс. Ол ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тестіден өтуі және мақұлдануы тиіс.

Жиілік диапазоңдары және қуат

Бұл ұялы телефон әрі қарай көрсетілген жиілік диапазоңдарында тек ЕО аумағында және радиожиилікті сигналдың максималды қуаты кезінде жұмыс істейді.

GSM 900: 35,5 дБм

GSM 1800: 32,5 дБм

UMTS 1/8 жиілігі: 25,7 дБм

LTE 1/3/7/8/20/28/38/40 жиілігі: 25,7 дБм

Bluetooth: 20 дБм

Жиілігі 2,4 ГГц Wi-Fi: 20 дБм

Жиілігі 5 ГГц Wi-Fi: 150-ден 5250 МГц дейін 23 дБм құрайды, 5250-ден

5350 МГц дейін 23 дБм құрайды, 5470-ден 5725 МГц дейін 23 дБм құрайды,

5725-тен 5850 МГц дейін 14 дБм құрайды

NFC: 13,56 МГц < 42 дБмкА/м 10 м қашықтықта

Байланыс жөніндегі комиссияның нормалары

Бұл ұялы телефон Байланыс жөніндегі комиссия Ережелерінің 15-бөлігіне сәйкес келеді. Оның жұмысы мынадай екі шартқа сәйкес келеді: 1) бұл құрылғы зиянды кедергілер жасамауы тиіс, 2) бұл құрылғы кез келген кедергілер, оның ішінде жұмыста іркілістер тудыруы мүмкін кедергілер жағдайында да жұмыс істеуі тиіс.

Бұл ұялы телефон тестіден өткен және Байланыс жөніндегі комиссия Ережесінің 15-бөлігіне сәйкес В кластағы цифрлық құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Бұл талаптар тұрғынжайларда зиянды кедергілерден ақылға қонымды қорғанышты қамтамасыз етеді.

Бұл жабдық радиожилікті энергия өндіреді, пайдаланады және шығаруы мүмкін, сондай-ақ радиобайланыс үшін зиянды кедергілер жасауы мүмкін, егер ол нұсқаулықтарды бұзып орнатылған және пайдаланылған болса. Алайда біз белгілі бір орнату кезінде кедергі туындамауына кепілдік бермейміз. Егер бұл жабдық телевизиялық және радиосигналдар үшін кедергілер жасаса (бұл жабдықты сөндірумен және қайтадан қосумен анықталады), пайдаланушы мына тәсілдердердің біреуімен немесе бірнешеуімен кедергілерді жоюға әрекет жасай алады:

- қабылдағыш антеннаның бағдары мен қалпын өзгертіңіз;
- жабдық пен қабылдағыштың арасындағы қашықтықты ұлғайтыңыз;
- жабдықты қабылдағыш қосылған тізбектен өзгеше тізбекте орналасқан розеткаға қосыңыз;
- сатушыдан немесе теле- және радиожабдық жөніндегі білікті техниктен көмек сұраңыз.

Радиожилікті сәулелену туралы мәліметтер (SAR)

Бұл құрылғы мемлекеттік стандарттардың радиожилікті сәулеленуге қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Құрылғы радиожилікті (РЖ) энергияның сәулеленуінің шекті мәндерінен аспайтындай етіп жобаланып жасалуы тиіс. Сымсыз құрылғылар үшін сәулелену дозасының стандарты ретінде үлестік сіңіру коэффициенті (SAR) пайдаланылады.

Байланыс жөніндегі комиссия шекті рұқсат етілген SAR мәнін белгіледі, ол 1,6 Вт/кг құрайды. Бұл құрылғы адамның денесіне тікелей жақын пайдалануға арналған тестіден өткен.

Егер құрамында металл болмайтын және құрылғыға адам денесінен кемінде 1,5 см қашықтықта орналасуға мүмкіндік беретін аксессуарлармен пайдаланылса, ол Байланыс жөніндегі комиссияның радиожилікті сәулеленуге қойылатын талаптарына сай болады. Құрамында металл элементтер бар ішкі аксессуарларды таққан кезде радиожилікті сәулелену нормаларына сәйкестігі тексерілмеген және сертификатталмаған. Сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн. Осы телефонмен бірге адамның денесіне тікелей жақын пайдаланылатын кез келген аксессуар адам денесінен кемінде 1,5 см қашықтықта болуы тиіс.

Байланыс жөніндегі комиссияның ескертпесі

Бұйымның нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауап беретін тарап мақұлдамаған өзгерістер немесе түрлендірулер енгізілсе, пайдаланушы жабдықты пайдалану құқығынан айырылуы мүмкін.

Бұл бұйыммен бірге Байланыс жөніндегі комиссияның шектеулеріне сай В класына сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін экрандалған кабельді пайдалану қажет.

Электрондық заттаңба

Бұл құрылғының сертификаттау туралы мәліметтері жазылған электрондық заттаңбасы бар. Оны қарау үшін, "Теңшелімдер > Телефон туралы > Сертификаттау" таңдаңыз немесе "Теңшелімдер" таңдап, іздеу жолына "Сертификаттау" сөзін енгізіңіз.

Модель: M2101K9AG

"2101" таңбалауы өнімнің нарыққа 2021 жылғы қаңтардан кейін шығатынын білдіреді.

Міндеттемелерден бас тарту

Осы пайдаланушы нұсқаулығын Xiaomi компаниясы немесе оның жергілікті үлестес компаниясы жариялаған. Xiaomi компаниясы баспаханалық қателерге, ағымдағы мәліметтердің дәлсіздігіне немесе программалар мен жабдықтардың жақсартылуына байланысты осы пайдаланушы нұсқаулығына өзгерістерді немесе түзетулерді кез келген сәтте және ескертусіз енгізуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ағымдағы пайдаланушы нұсқаулығының жаңа шығарылымдарына қосылатын болады (толық ақпаратты www.mi.com/ru/service/support/userguide сілтемесі бойынша қараңыз). Барлық суреттер тек қана демонстрация үшін келтірілген және нақты құрылғыны білдірмейді.

Бұл смартфон Corning® Gorilla® Glass 6 пайдаланылып әзірленген.

CORNING
Gorilla® Glass

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.
#019, 9-шы қабат, 6-ғимарат, Си'эрци орталық өтпе жолы, 33-үй, Хайдянь ауданы, Бейжін, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортёр / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа,
пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Смартфон – бұл ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеуге арналған және мобильдік операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін ұялы телефон түрі.

СМ: Xiaomi.

Модель: M2101K9AG.

Кепілдік мерзімі: 1 жыл.

Құрылғының қызмет мерзімі: өндірілген сәттен бастап 2 жыл.

Өндірілген күні қаптамада көрсетілген.

